

ALPHA



ALPHA



## Ел білетін Әділ Ахметов



Алматыдан ертелетіп шықтық. Мақсатымыз – Нарынқолда жаңадан салынған мешіттің ашылу салтанатына қатысып, жамағатқа жүрекжарды тілектерімізді жеткізу. Бұл жақ шалғайлау жатқандықтан ба, әдетте жол түсе бермейтін. Әдейі болмаса бара берудің де реті келе қоймайды. Әйтсе де осы жаққа баруға құштар екенімді жасыра алмаймын. Оның бірнеше себебі бар. Нарынқол – Райымбек батырдың, Мұқағали ақынның, досым, замандасым Сағат Әшімбаевтың және бірқатар қазақ зиялыларының туған жері. Оның үстіне Нарынқол маңынан бұлтсыз күндері алыстан қол бұлғай көрінетін Хантәңірі шыңын да бір көруді көптен ойлап жүруші едім. Иә, бұл аймақ ел тарихында Хантәңіріндей биік, парасатты талай перзенттерін дүниеге келтірді. Солардың бірі – белгілі ғалым, көрнекті мемлекет қайраткері, педагог-ұстаз, сенатор Әділ Ахметов. Ол көптен Нарынқолға Хантәңірін көруге шақырып жүретін. Соның реті келмей-ақ қойған-ды. Шарын шатқалынан өте шықтық. Алда – Кеген. Одан соң – Мұқағалидың ауылы, атақты Сарыжаз бен Шалкөде, одан әрі Нарынқол. Ол – Сағат Әшімбаев пен Әділ бауырымыздың да туған мекені. Алтынбек Сәрсенбаев інім де осы топырақта дүниеге келген.

Қайнар асуынан өткен соң әйгілі Хантәңірі көрінді. Өйткені көбіне оның басын бұлт шалып жататындықтан, биік шың көзге түсе бермейді екен. Тоқтап, Хантәңіріне ұзақ қарадық.

Нарынқолдың таудай биік тұлғалары еске түсті. Солардың бірегейі – Әділ Құрманжанұлы Ахметов. Әдекеңді 30-40 жылдан бері танимын. Ашық. Ақкөңіл. Ешкімді жатсынбайтын дарқан көңілі – өз алдына бөлек әңгіме. Ол 1941 жылы 23 мамырда Алматы облысының осы Нарынқол ауылында дүниеге келген. Орта мектепті сонда бітірген. Үйленген, екі ұлы, бір қызы бар. Алматы шетел тілдері институтын 1963 жылы ағылшын және қазақ тілдері мамандықтары бойынша үздік тәмамдап, сол жоғары оқу орнында ұстаздық қызметке қалдырылған. 1963-1997 жылдар аралығында аталмыш институттың қатардағы мұғалімі, аспиранты, аға мұғалімі, доценті, профессоры, декан орынбасары, деканы, оқу ісі жөніндегі проректоры және ректоры қызметтерін атқарып, жоғары білім саласына тән ғылыми және ұстаздық жұмыс баспалдақтарынан өтіп, еліміздің ішкі және сыртқы сұраныстарына қажет шет тілі мамандарын даярлауға сүбелі үлес қосты. Ысылған білікті маман ретінде 1992 жылы Алматы шет тілдері институтына ректор болып тағайындалады. Бұл қызметте осы жоғары оқу орны мәртебесінің биіктеп, Қазақ мемлекеттік әлем тілдері, кейіннен Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті болып қайта құрылуына және оның бірінші ректоры ретінде оқу орнының материалдық-техникалық базасының бекуіне, халықаралық байланыстарының күшеюіне, ғалым ұстаздар мен қызметкерлер сапасының

нығаюына, жаңа факультеттер мен бұрын қолға алынбаған онға тарта жаңа шет тілдері мамандықтарының ашылуына және кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалатын университеттің Ғылыми кеңесінің құрылуына көп еңбек сіңірді. Шетелдік елшілермен тығыз байланыс орнатып, Америка, Австрия кітапханаларын ашып, жапондық лингофон кабинетін жабдықтау секілді университетке тиімді істерді де іске асырды.

Ол әкімшілік және ұстаздық қызметті ғылыми жұмыспен ұштастыра отырып, филология саласы бойынша 1973 жылы кандидаттық, 1995 жылы докторлық диссертациялар қорғады. Ғалымның ғылыми басылымдарда жарық көрген ғылыми еңбектерінің жалпы көлемі 150 баспа табақтан асады. Олардың ішіндегі ең бастылары – «Ағылшын-қазақ сөздігі», «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер», «Қазақстан Республикасының жоғарғы білім стратегиясы», «Орыс және шетел студенттеріне арналған қазақ тілі», «Азия-Берингия-Америка немесе америкалық «үндістердің» азиялық тегі», «Америкалық үндістердің алтайлық тегі» деген атпен қазақ және орыс тілдерінде басылып шыққан Америка «үндістерінің» түпкі тегін зерттеуге арналған монографиялар. Американың байырғы халқының арғы тегінің Алтайдан шыққандығын өте нанымды дәлелдейтін ғылыми жұмыстары – ғалымның ғылымға қосқан үлкен жаңалығы әрі салмақты үлесі.

Әділ Ахметов 1995 жылдан Ресей және Қазақстанның Халықаралық жоғары мектеп ғылым академияларының академигі. 1990-1992 жылдары Американың Аризона штатындағы Алматымен бауырлас Тусон қаласында үш жылдай уәкілдік қызметте болып, халықтық дипломатияны жолға қойып, қала, мектеп, жоғары білім, денсаулық сақтау, байланыс және ауылшаруашылық салаларының мамандары арасындағы тәжірибе алмасуды биік деңгейге көтерді. Сол жылдары «Халық кеңесі» газетінің штаттан тыс тілшісі қызметін де қоса атқарды. 1995 жылдан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі әрі осы одақтың сол жылғы Бейімбет Майлин атындағы сыйлығының жүлдегері атанды. 1997-1998 жылдары Қазақстан Республикасы Білім Комитетінің төрағасы қызметін атқарып, еліміздің орта мектептерін компьютерлендіруге атсалысты. 1999-2000 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары болды.

2000-2001 жылдары ол Қазақстан Республикасының Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі, Ирландия Республикасындағы, Норвегия және Швеция Корольдіктеріндегі Төтенше және өкілетті елшісі қызметін абыроймен атқарып, еліміздің сыртқы саясатын іске асыратын дипломатия саласында да нәтижелі жұмыс істеді. Елбасының Ұлыбритания, Дания және Норвегия елдеріне жасаған ресми сапарларын және Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Маргарет Тэтчер ханым мен Еуропа қайта құру және даму банкі президенті Ж. Лемьер мырзаның Елбасымен кездесулерін ұйымдастырды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев және Ұлыбритания премьер-министрі Т.Блэрдтің бастамасымен ашылған Қазақстан-Британ техникалық университетінің негізін қалап, оның бірінші ректоры ретінде осы оқу орнының қалыптасуына зор үлес қосты. 2004-2007 жылдары аталмыш университеттің халықаралық

қатынастар жөніндегі проректоры қызметін атқарып, оқу орнының сыртқы байланыстарын жоғары деңгейге көтерді. Мұнай-газ саласындағы шетелдік және отандық компаниялармен тығыз қарым-қатынас орнатып, университеттің ғылыми-техникалық және материалдық базасын нығайтты. 2007 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасы Парламентінің жоғарғы палатасы – Сенатқа Елбасының Жарлығымен депутат болып тағайындалды. Сол уақыттан бері Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы. 2008 жылдан бері сенатор депутаттық қызметпен қатар ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясының мүшесі ретінде оның жазғы, күзгі және қысқы сессияларының жұмысына да белсене қатысып келеді.

2009 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының іс басындағы төрағасы – Грекия мемлекеті Әділ Ахметовті мұсылмандарды шеттету және кемсітумен күрес жөніндегі жеке уәкіл етіп тағайындады. Бұл мандатты 2010 жылы Қазақстан бір жылға ұзартса, биыл Литва тағы бір жылға созды. Бұл қызметті де абыроймен атқарған ол кейінгі үш жылда АҚШ, Канада, Ұлыбритания және Германияда болып, сол елдердегі мұсылмандарды кемсіту мен шеттетуге қатысты орын алып отырған орынсыз іс-әрекеттердің себептері мен салдарын жете зерттеп, олардың нәтижелерін әлгі елдердің мемлекеттік орындарымен қатар ЕҚЫҰ-ның Венадағы (56 елдің өкілдерінен тұратын) Тұрақты Кеңесіне жыл сайын баяндап келеді. 2011 жылы да бұл жұмыс Италия, Франция, Ватикан, Австрия, Швейцария мемлекеттерінде жалғасын таппақ.

Тәжірибелі саясаткер, сенатор республикалық бұқаралық ақпарат құралдарына (радио, телеарналар, газет-журналдар) еліміздің халықаралық аренадағы рөлі, сындарлы ішкі және көпвекторлы сыртқы саясаты туралы немесе ел өмірінің көкейкесті мәселелеріне қатысты тартымды да татымды сұхбаттар берумен қатар ғылыми-танымдық немесе публицистикалық материалдарды да жиі жариялап тұрады. Олардың ішінде Америкадағы Президент және Ұлыбританиядағы Парламент сайлауының ерекшеліктері мен нәтижелеріне немесе Ислам Конференциясы Ұйымы туралы, сондай-ақ мұсылмандарды кемсіту мен шеттетуге қатысты өткір мақалалары оқырманның назарына ілігіп, көңілінен шығып жатады.

Ол қоғамдық жұмыстарда, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО жөніндегі Ұлттық комиссиясының мүшесі, Білім және ғылым министрлігі жанындағы «Қазақстан жоғары мектебі», «Ғылым академиясының хабарлары», «Қазақстан мектебі» журналдарының және ұлттық қоғамдық-саяси журнал “Ақиқаттың” алқа мүшесі ретінде елеулі еңбек сіңірді. Кезінде көркем аудармамен де айналысып, ағылшын тілінен тікелей қазақшаға Агата Кристидің таңдамалы әңгімелерін, Ауған халық ертегілерін және т.б. тәржімеледі. Олар жеке-жеке кітап болып басылып шықты.

Ә.Қ.Ахметов Еліміздің білім, ғылым, дипломатия және саясат салаларына сіңірген еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім саласының үздігі», «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атақтарымен, «Құрмет»

орденімен және «Астана», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Астанаға 10 жыл» медальдарымен марапатталған.

Ғалым қоғамдық, әкімшілік, мемлекеттік дәрежедегі қызметте жүрсе де, негізгі ғылыми ізденісін әрдайым жалғастырып келеді. Ол өзінің ғылыми ой-пікірлері мен пайым-болжамдарын толықтырып, соны жаңа толғаныстармен жетілдіріп отырады. Оның сыртқы және ішкі саясат саласындағы ізденістері мен жазған еңбектері өз алдына терең зерттеуді қажет етеді. Ал қазақ лингвистика ғылымына басқаларға ұқсай бермейтін жаңа арна, жаңаша бағыт әкелді. Қазақ тіл білімінің даму заңдылықтарын кезең-кезеңге бөле отырып, тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы бүгінгі сөздік қолданысымыздың арғы тегін жасады. Тілдік сөйлемде күнделікті қолданып жүрген тұлғалық сөздердің шығу төркіні, этносаяси және этномәдени қарым-қатынас барысында пайда болған жаңа сөздердің сiңісу үдерісін түсіндіру мәселесін қарастырды. Және де түркі тілдерінің лексикасын зерттеумен қатар, жағрафиялық-археологиялық еңбектер мен халықтар шежіресімен де шұғылданды.

Бұл орайда азаматтың жоғарыда атап өтілген, көпшілік назарын өзіне аударған «Азия-Беринг-Америка және америкалық үндістердің азиялық тегі» еңбегіне ерекше тоқталған жөн. Еңбек бес тараудан тұрады. Тараулар арнайы тақырыпшалармен аталып, соңынан пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілген. Бұл еңбекте байырғы америкалықтардың азиялық тегі антропологиялық, археологиялық, палеонтологиялық, генетикалық, лингвистикалық және басқа тұрғыдан жан-жақты сарапталады. Еуроцентристік көзқарас бойынша қалыптасып қалған «үндіс» тайпалары надан, мәдениетсіз деген пікірді теріске шығарып, керісінше, оларды ұлы өркениет құрған деп пайымдайды. Америка құрлығын мекендеген халықтардың түбі Алтай халықтарымен бір екенін көрсететін нақты дәлелдерге сүйеніп, тың пікір айтады. Бір қызығы, ол «үндістер» деген сөзді ылғи да тырнақшаның ішіне алып жазады. Бұл ұғымды талай заманнан құлаққа сiңісті болған мағынасынан оқшаулап, өзгеше тұрғыдан көзқарас танытады. Осыдан бес ғасыр бұрын Христофор Колумбтың Үндістанды таптым деп жүріп қателесіп, Американы ашқаны, жергілікті халықтардың бәрін үндістер деп атап кеткендігі айтылады. Ол Американың жергілікті халқы «үндіс» атауына риза еместігін айрықша атап өтеді. Осы кітапты жазарда автор әлем кітапханаларындағы мол мәліметтерді қарап, талдап, саралап шыққандығы еңбектерінен айқын байқалады. Американың байырғы тайпалары мен түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліндегі ұқсас, түбі бір сөздерді жинақтаған. Кейбір сөздер қазір қолданыстан шығып қалғанымен, үндіс тілдерінде мағынасы ежелгі түркі сөздеріне ұқсас келетіні жөніндегі пікірін ортаға салады. Сонымен қатар қазіргі түркі тілінде араб, парсы тілдерінің әсері мол. Мысалы: қазақ тіліндегі Құдай, періште, рух, кептер, ана, отау, кілем, пәс, себет, хор, саф, жауап сөздері парсы тілінен енген болса, дін, мектеп, қалам, медет, рақмет, сөздері араб тілінен енген кірме сөздер екені белгілі. Ал «үндістерде» түркілер ұмыт қалдырған көптеген сөздер немесе олардың мағынасы сақталғандығы жөнінде де көптеген ізденістер жасаған. Мысалы,

түркілер аруақты қасиетті деп санап, кие тұтқан және оның атауы да кие болған. «Аруақ» сөзі XVII-XVIII ғасырлардан бастап қалыптаса бастаған. Үндістер болса осы күнге дейін куо, яғни кие деп атап жүргені жөнінде ой толғайды. Автордың зерттеулеріндегі мына берілген сөзтізбелерінен де көп дүниені аңғаруға болады (кесте).

Археологиялық шығармашылық ізденістеріндегі тағы бір табысы – «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» еңбегі. Бұл тақырыптағы еңбек баспаға бірнеше рет ұсынылған. Онда түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдердің этнолингвистикалық және этномәдени жүйесі, классификациясы, жасалу жолдары, тіл байлығын дамытудағы орны, тіл мәдениетіне тигізетін әсері баяндалады. Түркі тілдерін зерттеуші ғалымдар бұл тұрғыда еңбек етсе де, табу мен эвфемизмді біржақты талдап келген еді, ғалымның бұл кітабы этнографиялық тұрғыдан да, лингвистикалық тұрғыдан да назар аудартады. Аталмыш еңбектің маңыздылығы оның ішкі құрылымының бөлімдерінен де көрінеді, себебі сол кезеңге дейін ғалымдар бұл тақырыпта ғылыми зерттеу жүргізбеген. Тек мақалалар мен ұсыныстар ғана бар, ал мұндай нақты еңбек бірінші рет басылып шықты. Бірінші тарауда: табу мен эвфемизмдердің зерттелу деңгейін көрсететін ғылыми жұмыстарға шолу; екінші тарауда: табу мен эвфемизмдердің этнолингвистикалық жүйесі және олардың этномәдени негіздері; үшінші тарауда: дәстүрлі моральдік-этникалық қатынастар саласында қалыптасқан табу мен эвфемизмдердің классификациясы; төртінші тарауда: эвфемизмнің жасалу жолдары; бесінші тарауда: табу мен эвфемизмдердің тіл байлығын қамтамасыз етудегі орны. Әр тарау іштей тағы да тақырыпшаларға бөлінеді. Бұл жұмыстың құндылығы, зерттеу жұмыстарында пайдаланған түркі тілдерінің материалдары келешекте табу мен эвфемизмдердің арнайы сөздігін жасауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ қазақ тілі бойынша алынған теориялық бітімді тәжірибесін іске асыруға арналған еңбегі: «Қазіргі қазақ тіліне арналған жаттығулар» кітабы. Бұл еңбек қазақ тілін оқытуға байланысты жаттығулар жинағын және әртүрлі тәсілдермен орындалатын тапсырмаларды қамтиды. Бұл оқу құралы – оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуда, олардың грамматикалық талдауды толық меңгеруіне жол ашуда, ережелер мен фактілерді тілдік қарым-қатынаста дұрыс қолданылуын іске асыруда таптырмайтын еңбек.

Ол осылармен қатар К.Жүнісбекова, Ф.Оразбаевамен бірлесе отырып, сөз құрамы, сөз таптары, зат есімдердің жасалу тәсілдері, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, есімше, көсемше, үстеу, еліктеу сөздер, шылау, одағай ережелеріне қатысты жаттығу жұмыстарын дайындаған. Оның жазған шығармалары – студент жастар мен ізденуші шәкірттерге бағыт-бағдар беріп, жол сілтейтін танымдық және ғылыми ізденістер жасауға жол ашатын құнды еңбек.

Жалпы, Ә.Ахметовтің еліміздегі ғылым мен білім саласын дамытуға, сондай-ақ тәуелсіз қазақ елінің дамуы мен қалыптасуы жолында сіңірген еңбегі мемлекет тарапынан тиісінше бағаланды.

Айталық, қырғыз елінде орын алған жөнсіздіктер мен қалыптасқан жағдайды

шешу барысында сол елге барып, ондағы шиеленістерді реттеуге араласты. Мұндай күрмеуі қиын мәселелерді шешуде халықаралық қатынастар саласы бойынша маман болумен қатар бірнеше тілді білу – әркімнің бойынан табыла бермейтін қасиет. Басқа тілдерді қоспағанда, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін білгендіктен де тәуелсіз қазақ елінің қалыптасуы мен дамуы жолында өзіне жүктелген қиын да жауапты міндеттерді абыроймен атқарып келеді. Себебі ол ел мен халық тағдырына және оның болашағына немқұрайды қарай алмайды. Оның ғылым саласындағы еңбектері және халықаралық қатынастар мен мемлекеттік жүйедегі атқарған қызметтерінен осыны айқын аңғарамыз.

Ел жақсы білетін Әділ Ахметов – осындай биік парасат иесі, белгілі мемлекет, ғылым қайраткері, үлкен жүректі, елжанды азамат.

Шейх Әбсаттар Қажы Дербісәлі,

Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы мен

Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы, Бас мүфти